

2025 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы

Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасында республикалық бюджет және жергілікті бюджеттерге жатқызылатын **облыстық бюджет**, аудандық бюджеті, облыстық маңызы бар қала бюджеті және аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеті бекітіледі, атқарылады және дербес болып табылады.

Облыс бюджеті өз араларында өзара өтелетін операциялар ескерілместен, облыстық бюджетті, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджетін біріктіретін орталықтандырылған ақша қоры болып табылады.

2025 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2024 жылғы 13 желтоқсандағы «2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №16-1 шешімі және оған қоса 2025 жылғы 12 наурыздағы №17-1, 2025 жылғы 1 тамыздағы №19-1, 2025 жылғы 26 тамыздағы №20-1, 2025 жылғы 18 қарашадағы №21-2 шешімдерімен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып қамтамасыз етілді.

Түсімдер

2026 жылдың 1 қаңтарына **облыстық бюджеттің түсімдері 533,9 млрд.теңгені құрады** (2025 жыл басындағы бюджет қаражаттарының бос қалдықтарын қоса есептегенде), соның ішінде кірістер – 472,8 млрд.теңге.

Облыстық бюджеттің базалық кіріс көздері болып республикалық бюджеттен бөлінген трансферттер (69,8%) және салықтық түсімдер (27,5%) болып табылды.

Есепті қаржы жылы республикалық бюджеттен жалпы сомасы 329,9 млрд.теңге трансферттер алынды, соның ішінде ҚР Бюджет кодексінің 45-бабына сәйкес бюджеттік субвенциялар – 260,8 млрд.теңге. Республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер 69,1 млрд.теңгені құрады, оның ішінде ағымдағы нысаналы трансферттер – 14,4 млрд.теңге, нысаналы даму трансферттері – 54,7 млрд.теңге.

Салықтық түсімдердің құрылымында барлық салықтық түсімдердің жалпы көлемінен 94,2% табыс және әлеуметтік салықтары (122,7 млрд. теңге) құрады және облыстық бюджеттің өз кірістерінің негізгі көздері болып табылды.

Табыс және әлеуметтік салықтары облыстық бюджет және төмен тұрған бюджеттерінің арасындағы бөлу нормативіне сәйкес есептелді, онда Бөрлі ауданы мен Орал қаласы облыстық бюджеттің «негізгі донорлары» болды.

Есепті қаржы жылы республикалық бюджеттен берілетін қарыздардың түсімі 13,5 млрд. теңге құрады, соның ішінде ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына микрокредиттер беруге кредит беруге (5,5 млрд. теңге), агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит беруге (5,3 млрд. теңге), «Дипломмен ауылға» атты жобасы бойынша мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер беруге (2,7 млрд. теңге). Бұдан басқа, тұрғын үй құрылысын, сатып алуды және «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасын қаржыландыру мақсатында қаражат тарту үшін жалпы сомасы 27,0 млрд. теңгеге БҚО әкімдігінің мемлекеттік бағалы қағаздарының (облигацияларының) шығаруы қамтамасыз етілді.

Шығыстар

2026 жылдың 1 қаңтарына **облыстық бюджеттің шығыстар бөлігі жоспарға шаққанда 98,6% немесе 529,4 млрд. теңгеге орындалды.**

Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстар жоспарға шаққанда 98,5% (482,9 млрд.теңге) орындалды, ал даму бюджеттік бағдарламалары бойынша – 99,6% (46,5 млрд.теңге).

Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасына сәйкес облыстық бюджеттің орындалуы (*млн. теңгеден*) келесідей түрде қалыптасты.

Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер бойынша шығыстар 5 402,8 млн.теңгені немесе облыстық бюджеттің жалпы шығыс көлемінің 1% құрады, ***қорғаныс*** – 2845,6 млн.теңге (0,5%), ***қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке*** шығысталғаны 15 122,7 млн.теңге (2,9%).

2026 жылдың 1 қаңтарына бойынша ***білім беру*** саласындағы шығыстар 233 050,3 млн.теңгені немесе облыстық бюджеттің жұмсалған шығыстарының 44% құрады.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту бойынша, сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырысын іске асыруға шығындар 36 181,8 млн. теңге деңгейінде қалыптасты.

Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беруге - 95 034,9 млн. теңге, мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға 33 489,5 млн. теңге бағытталды.

Есепті жылы балалар мен жасөспірімдер үшін қосымша білім беру шығыстары – 15 674,5 млн. теңге, соның ішінде дене шынықтыру бойынша – 7406,7 млн. теңгені құрады.

Жергілікті деңгейде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлауға 15425,9 млн. теңге бағытталды.

Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыруға облыстық бюджеттен 649,6 млн. теңге жұмсалды.

Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету шеңберінде 1153,2 млн.теңге бағытталды.

Мемлекеттік білім беру ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізуге 2385,5 млн. теңге қаражат игерілді.

«Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде 6 білім беру объектілерін салуға 17843,8 млн. теңге бағытталды.

Денсаулық сақтау шығыстары 15 485,2 млн.теңге сомасында немесе облыстық бюджеттің жалпы шығыстарынан 2,9% орындалды.

Есепті жылы халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау шығыстары 1422,0 млн. теңге құрады. Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау 1142,4 млн. теңге құрады.

Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін немесе жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз етуге 388,3 млн. теңге бағытталды.

Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары 7709,0 млн. теңгеге орындалды.

Есепті жылы әлеуметтік көмек көрсету және әлеуметтік қамсыздандыруға 18 661,1 млн. теңге немесе облыстық бюджеттің жүргізген шығыстарының 3,5% бағытталды.

Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелердегі (ұйымдардағы), тиісті Орталықтарында қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету бойынша шығыстар 2439,9 млн. теңге сомасында орындалды.

Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелердегі (ұйымдардағы), тиісті Орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуге 2584,4 млн.теңге, балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелердегі (ұйымдардағы), психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар балаларға – 925,2 млн.теңге бағытталды.

Жұмыспен қамту бағдарламасын іске асыруға 5 230,7 млн. теңге жұмсалды, оның ішінде қоғамдық жұмыстар - 1900,5 млн. теңге, жұмыссыздарды кәсіптік даярлау және қайта даярлау - 103,6 млн. теңге, халықты жұмыспен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар – 3226,6 млн. теңге.

Аудандық (қалалық) бюджеттеріне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге, мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға, үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға және басқа да мақсаттарға берілетін нысаналы трансферттер 3975,9 млн. теңгені құрады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы шығыстар 2026 жылдың I қаңтарына 38 719,3 млн. теңге немесе жалпы облыстық бюджет шығыстарының 7,3% құрады.

Аудандар мен Орал қаласының бюджеттеріне жалпы сомасы 4536,0 млн.теңге (әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту, тұрғын үй сертификаттарын беру) нысаналы трансферттер аударылды. Тұрғын үй құрылысы бойынша Орал қаласының және Бөрлі мен Теректі ауданының бюджетердің кредиттеуге 8296,7 млн. теңге бағытталды, төмен тұрған бюджеттеріне тұрғын үй сатып алуға және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға 13250,3 млн. теңге көлемінде кредиттер берілді.

Жастарға алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру 1323,0 млн. теңге құрады.

Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау бойынша 1389,0 млн. теңге жұмсалды.

Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікке 17 534,6 млн. теңге жұмсалып, облыстық бюджет шығыстарының игерілу үлесінің 3,3% құрады.

2025 жылы әртүрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау, республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысу үшін 4940,7 млн. теңге бағытталды.

Театр және музыка өнерін қолдауға шығыстар 2396,5 млн. теңгені құрады, тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз етуге – 1248,3 млн. теңге, облыстық кітапханалардың жұмыс істеуіне - 609,9 млн. теңге.

Жастар саясаты саласындағы іс – шараларды іске асыруға 120,7 млн.теңге, мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамытуға - 53,1 млн. теңге игерілді.

Мәдениет ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдардың материалдық-техникалық жарақтандыру және ғимараттарын, жайларын күрделі жөндеуге 2046,6 млн. теңге жұмсалды.

Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалануға функционалдық тобы бойынша бюджет шығыстары 1,3% немесе 7 119,4 млн.теңгеге орындалды.

«Батыс Қазақстан аймақтық электр желілік компаниясы» ЖШС кредиттеу арқылы электрмен жабдықтау желілерін салуға, реконструкциялауға және жаңғыртуға 3008,2 млн. теңге бағытталды.

Жылу-энергетикалық жүйені объектілерін салуға және реконструкциялауға арналған шығындар 4083,9 млн. теңге құрады.

Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау бойынша өткен жылы ішінде қаражаттардың игерілуі 67 288,9 млн. теңге деңгейінде, бұл жергілікті бюджеттің жұмсалған шығыстардың 12,7% құрады.

Ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына микрокредиттер беруге кредит беру шеңберінде (Ауыл аманаты), сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит беру 10847,0 млн. теңге бағытталды.

Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялауға 8420,6 млн.теңге, ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға 8679,2 млн. теңге бағытталды.

Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу 8048,4 млн. теңге жұмсалды.

Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін «Дипломмен ауылға» атты жобасы шеңберінде аудан бюджеттеріне 2675,7 млн. тенге сомасында бюджеттік кредиттер аударылды.

Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі функционалдық тобы бойынша бюджет шығыстары 3,4% немесе 17 974,1 млн.теңгеге орындалды.

Аудандық (қалалық) бюджеттеріне «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және (немесе) жайластыруға, ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға, «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға және басқа да бағыттарға берілетін нысаналы трансферттер 17573,9 млн. теңгені құрады.

Көлік және коммуникация шығыстары 53 119,5 млн.теңге сомасында орындалды немесе жалпы облыстық бюджетте үлесі 10,0% құрады.

Көлік инфрақұрылымын дамытуға және көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыруға 26 415,8 млн. теңге бағытталды.

Аудандық (қалалық) бюджеттерге көлік инфрақұрылымын орта, күрделі жөндеу жүргізуге және дамытуға берілетін нысаналы трансферттер 20531,7 млн. теңгені құрады.

Өзге шығыстары бойынша барлығы 8 759,1 млн.теңгені немесе бюджеттің шығыстарының 1,7% құрады.

Кәсіпкерлік қызметті қолдау шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау жөніндегі шығыстар 1883,7 млн. теңге, кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттерін ішінара кепілдендіру – 149,5 млн. теңге, бизнес-идеяларды іске асыру үшін кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру – 147,8 млн. теңге деңгейінде қалыптасты. Сондай-ақ, кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде 635,6 млн. теңге көлемінде индустриялық инфрақұрылымды құрылысы жүзеге асырылды.

Борышқа қызмет көрсету функционалдық тобы бойынша бюджет шығыстары 1 955,3 млн. теңгеге орындалды.

Трансферттер – 13 734,0 млн. теңге көлемінде орындалды немесе облыстық бюджет шығыстарының 2,6% құрады, соның ішінде 10 аудандық бюджеттеріне әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге үшін субвенциялар (өтеусіз төлемдер) – 13 300,4 млн. теңге аударылды.

Қарыздарды өтеу бойынша барлығы 12 657,9 млн.теңгені немесе бюджеттің шығыстарының 2,4% құрады, оның ішінде республикалық бюджет алдындағы негізгі борышты өтеу – 4899,9 млн. теңге, облыс әкімдігі 2023 жылы тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ алдындағы борышты өтеу – 7758,0 млн. теңге.

**БҚО қаржы басқармасының
баспасөз қызметі**

2025 жылы облыстық бюджеттің атқарылуы

млн. теңге

Түрі	Атқарылуы
Түсімдер	533 909,1
1. Кірістер	472 811,9
<i>Салық түсімдер, соның ішінде</i>	130 199,6
Табыс салығы	60 802,7
Әлеуметтік салық	61 887,4
<i>Салықтан тыс түсімдер</i>	9 841,7
<i>Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер</i>	22,0
<i>Трансферттердің түсімдері, соның ішінде</i>	332 748,6
Республикалық бюджеттен берілетін трансферттердің түсімдері	329 889,7
2. Бюджеттік кредиттерді өтеу	15 354,8
3. Мемлекеттік қаржылық активтерін сатудан түскен түсімдер	
4. Қарыздардың түсімі	40 540,2
Республикалық бюджеттен берілетін қарыздары	13 522,7
Облыстың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік бағалы қағаздары шығарылымнан түсетін түсімдер	27 017,4
5. Жыл басындағы бюджет қаражаттарының қалдықтары	5 202,2
Шығыстары, функционалдық топ бойынша	529 429,9
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	5 402,8
Қорғаныс	2 845,6
Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік	15 122,7
Білім беру	233 050,3
Денсаулық сақтау	15 485,2
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	18 661,1
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	38 719,3
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	17 534,6
Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	7 119,4
Ауыл, су, орман, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	67 288,9
Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	17 974,1
Көлік және коммуникация	53 119,5
Басқалар	8 759,1
Борышқа қызмет көрсету	1 955,3
Трансферттер	13 734,0
Қарыздарды өтеу, оның ішінде	12 657,9
республикалық бюджет алдындағы негізгі борышты өтеу	4 899,9
мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздары бойынша	7 758,0